

**"Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы
21 шілдедегі № 224 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 сәуірде № 35997 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33166 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарында:

"Білім беру ұйымдарына (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда) ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары" деген 8-тарауда:

29-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"29. Білім беру ұйымдарында қажет болған жағдайда балаларды (тәрбиеленушілерді, білім алушыларды) оқыту мен тәрбиелеу бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ өткізілетін үйірмелік, спорттық және емдеу іс-шараларына қарай лауазымдардың (директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог, педагог-кәсіби бағдар беруші, әлеуметтанушы-талдаушы, сүйемелдеуші, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, сахна жұмысшысы, музыкалық аспаптардың күйін келтіруші, өндірістік оқыту шебері, дене шынықтыру және еңбекке баулу жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогі, музыкалық жетекші, мұрағатшы, экономист және басқалар) штат бірліктері қосымша белгіленеді."

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі*

Г. Бейсембаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК